

ЕЖЕДНЕВНО В ПУТИ СЛЕДОВАНИЯ НА ИНФРАСТРУКТУРЕ КОЛЕИ 1520 В СЕРВИСЕ АО «ОТЛК ЕРА» НАХОДИТСЯ БОЛЕЕ 120 ОРГАНИЗОВАННЫХ КОНТЕЙНЕРНЫХ ПОЕЗДОВ. МЫ ВИДИМ УСТОЙЧИВЫЙ СПРОС СО СТОРОНЫ КЛИЕНТОВ И СТАРАЕМСЯ ЕГО УДОВЛЕТВОРИТЬ В ПОЛНОЙ МЕРЕ. КОНЕЧНО, ДЛЯ ЭТОГО НЕОБХОДИМ ВЫСОКИЙ УРОВЕНЬ ИНТЕГРАЦИИ УЧАСТНИКОВ ПЕРЕВОЗОЧНОГО ПРОЦЕССА КАК В СФЕРЕ ИНФРАСТРУКТУРНОГО ВЗАИМОДЕЙСТВИЯ, ТАК И В ОБЛАСТИ ПРИМЕНЯЕМЫХ ТЕХНОЛОГИЙ.



Алексей ГРОМ,  
генеральный директор АО «ОТЛК ЕРА»



№89 (2697)  
29/10/2021

# ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА  
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

## ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА



### КӨМІР ЖЕТКІЗУДЕ КЕДЕРГІ ЖОҚ

«ҚТЖ» ҰК» АҚ көмір тасымалы бойынша барлық міндеттемелерді орындауда. Мәселен, қазан айының 25 күні ішінде еліміз тұтынушылары үшін 5,1 млн тоннадан астам тас көмір тиеліп, жоспар 102% асыра орындалды.

Ислам ТАЛФАТ,  
Нұр-Сұлтан

Оның ішінде еліміздің жылу электр орталықтарына 4,2 млн тонна жеткізіліп, тиеу жоспары 102,3% құрады. Еліміздің коммунальдық-тұрмыстық

қажеттіліктері үшін 986 мың тоннадан астам қатты отын тиелсе, экспортқа – 2,1 млн тонна көмір жөнелтілді. Қазан айында жалпы көмір тиелімі 7,3 млн тоннаны құраған.

Облыстардағы «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС филиалдары – жол бөлімше-

лерінде көмір тұйықтарын аралап, кәсіпорындардың кірме жолдарындағы көмір қорларын бақылап, кірме жолдар иелерімен бірлесіп стратегиялық жүкті жеткізу бойынша проблемалық мәселелерді анықтайтын жедел мониторингтік топтар жұмыс істеуде.

Олар барлық ақпаратты жедел түрде «ҚТЖ» ҰК» АҚ орталық аппаратының көмірді тасымалдау жөніндегі штабына беріп отырады.

Қазан айының 25 күні ішінде Қостанай, Павлодар, Қарағанды, Семей жол бөлімшелері бойынша ҚТЖ мониторингтік топтары 30-дан астам коммунальдық-тұрмыстық көмір алушыларды аралаған. Мәселен, Қостанай облысына қазан айының 25 күнінде 43 мың тоннадан астам, Павлодар облысында 36 мың тоннадан астам, Қарағанды облысында 128 мың тоннадан астам коммунальдық-тұрмыстық көмір жеткізіліп, жоспар межеден асыра орындалған.

Жүк жөнелтуші «ВостокУгольПром» ЖШС қазан айында Шығыс Қазақстан облысының коммунальдық-тұрмыстық қажеттіліктері үшін 180 мың тоннадан астам көмір тиеуді жоспарлапты, алайда осы айдың 25 күнінде 185 мың тоннадан астам қатты отын тиеп, жоспардың орындалуы 128% құрады.

Мониторингтік топтар кірме жолдарды аралау барысында коммунальдық-тұрмыстық көмір алушыларда туындаған барлық мәселелерді жедел тәртіппен шешіп отырады. Бірлесіп ұйымдастырылған жұмыс арқасында өңірлерде тұрғындардың көмір сатып алуында елеулі проблемалар анықталған жоқ.

Суретті түсірген Александр ЖАБҰҚ

### ОБУЧЕНИЕ КАК ГЛАВНЫЙ ФАКТОР



В АО «НК «ҚТЖ» считают, что главным фактором в противодействии коррупции является обучение по вопросам этики и комплаенс. Поэтому в рамках формирования антикоррупционной культуры и в целях повышения информированности и осведомленности работников комплаенс-службой АО «НК «ҚТЖ» на постоянной основе проводятся обучающие мероприятия.

С начала года обучение по вопросам этики и комплаенс прошли около 12 тысяч работников ҚТЖ и его дочерних организаций. Для полного охвата работников обучающими семинарами службой разработаны онлайн-курсы на такие темы, как «Противодействие коррупции» и «Кодекс этики и поведения». При этом предусмотрена обязательная последующая сдача тестов, которые размещены в Системе дистанционного обучения и тестирования.

Для пилотной апробации обучающий курс «Противодействие коррупции» был назначен всем должностным лицам и работникам Костанайского отделения магистральной сети. По результатам его прохождения с последующей сдачей теста получены хорошие результаты. Так, общее количество работников, прошедших курс, – 2 766, средний балл по итогам прохождения теста – 92%. А общее количество работников, набравших менее 60% баллов (минимальный порог), – 172.

После успешной апробации указанные курсы были назначены должностным лицам и работникам АО «Кедентранссервис», АО «Қазтеміртранс» и АО «KTZ Express».

По состоянию на 15 октября текущего года уже получены результаты прохождения курсов. По теме «Противодействие коррупции» обучение прошли 846 работников, средний балл – 73,5%. А по теме «Кодекс этики и поведения» – 808 работников, средний балл – 80,8%.

Также во втором-третьем квартале этого года собственными силами Служба провела посредством программы Zoom обучение по вопросам этики и комплаенс для 7 тысяч работников ҚТЖ и его дочерних организаций.

Кроме того, в городах Нур-Сұлтан, Ақтобе и Алматы прошли очные обучающие семинары для начальников участков, инструкторов по производственным вопросам, начальников пассажирских поездов АО «Пассажирские перевозки» на тему «Противодействие коррупции». Здесь количество обученных составило 227 человек.

Асель ШАЙХЫНОВА, Нур-Сұлтан

### ЗА ЧЕСТНЫЕ ПЕРЕВОЗКИ



Меры профилактики и искоренения коррупции на пассажирском железнодорожном транспорте обсудили в ходе онлайн-совещания в АО «Пассажирские перевозки».

В мероприятии приняли участие региональные филиалы компании, а также представители центрального аппарата АО «НК «ҚТЖ», правоохранительных и надзорных органов, уполномоченного госоргана в области транспорта и проектного офиса «Адал жол».

– На повестке дня – очень важная тема, так как мы должны позабиться о мерах по усилению борьбы с коррупцией и пресекать факты ее проявления на всех уровнях, – подчеркнул генеральный директор АО «Пассажирские перевозки» Петер Штурм.

С апреля 2018 года в рамках борьбы с провозом безбилетных пассажиров и неформенного грузообажа национальный перевозчик проводит политику «нулевой» терпимости к работникам поездов бригад, совершающим противоправные действия.

В начале текущего года в АО «Пассажирские перевозки» утвержден План по противодействию коррупции. За последние 10 месяцев к дисциплинарной ответственности привлечены 220 работников, 45 из них уволены, к остальным применены жесткие меры дисциплинарного взыскания.

Регулярно проводятся инструктажи по соблюдению сотрудниками должностных инструкций проводника и начальника поезда, Правил перевозок пассажиров, багажа и грузообажа железнодорожным транспортом, а также внутренних локальных актов.

В завершение совещания по вопросам профилактики и искоренения коррупции участники отметили необходимость проведения подобных встреч на постоянной основе.

Махаббат НЕГЕМБАЕВА

### САНДАР СӨЙЛЕЙДІ

ҮСТІМІЗДЕГІ ЖЫЛДЫҢ  
ҮШ ТОҚСАНЫНДА АҚТАУ  
ЖӘНЕ ҚҰРЫҚ ТЕҢІЗ  
ПОРТТАРЫ АРҚЫЛЫ

4,1 млн

ТОННА ЖҮК  
АУЫСТЫРЫЛЫП ТИЕЛГЕН.

2025 ЖЫЛҒА ҚАРАЙ  
ҚАЗАҚСТАН АРҚЫЛЫ  
КОНТЕЙНЕРЛІК ТРАНЗИТ  
КӨЛЕМІН

970 000

ЖФЭ-ГЕ ДЕЙІН ҰЛҒАЙТУ  
ЖОСПАРЛАНЫП ОТЫР.

АҒЫМДАҒЫ АЙДЫҢ  
25 КҮНІ ІШІНДЕ ЕЛ  
ТҰТЫНУШЫЛАРЫНА ҚТЖ  
МАГИСТРАЛЬДЫҚ ЖЕЛІСІ  
БОЙЫНША

5,1 млн

ТОННАДАН АСТАМ КӨМІР  
ТИЕЛІП, ЖӨНЕЛТІЛГЕН.

## Подготовка к зиме В ОЖИДАНИИ ХОЛОДОВ

Вопросы подготовки хозяйств к работе в зимних условиях, обучения первозимников и обеспечения спецодеждой в АО «НК «ҚТЖ» решаются задолго до первых холодов. И этот год не стал исключением.

Роман ЛЮБИМОВ,  
Нур-Сұлтан

К настоящему моменту компанией выполнен текущий ремонт 61,9 километра снеговых заборов. Для ограждения снегозаносимых участков приобретено 8 000 снеговых щитов и 3 030 комплектов снеговых щитов с жердевыми прономами, сообщили в департаменте пути и сооружений. Кроме того, на 100 станциях страны проверена готовность и проведено комиссионное опробование пневмообдувки стрелок.

Чтобы исключить занос железнодорожных путей, завершена работа по разработке и уположению выемок на 24,5 километра земляного полотна.

Особое внимание при переходе в другой температурный режим уделяется подготовке первозимников. Предстоящая зима станет первой на железной дороге для более чем 3 300 работников АО «НК «ҚТЖ». В том числе машинистов и их помощников, монтеров пути, электромехаников, составителей поездов, дежурных по переезду и железнодорожным станциям. Все они прошли специальное обучение с последующей проверкой знаний. На семинарах и практических занятиях первозимников ознакомили с особенностями

работы в условиях низких температур, обучили навыкам, необходимым для обеспечения безопасной работы и недопущения производственного травматизма, умению принимать правильные решения в нестандартной ситуации. Традиционно за каждым первозимником закреплен наставник из числа опытных работников.

Стоит отметить, что все железнодорожники, работающие на открытом воздухе, обеспечиваются зимней спецодеждой и обувью, защитными средствами от обморожения. До наступления первых холодов приобретено свыше 37 тысяч теплых головных уборов (трикотажные шапки, шапки-ушанки), более 64 тысяч пар специальной обуви (валенки, сапоги, ботинки) и столько же пар рукавиц и перчаток. Закуплено 30 тысяч костюмов от пониженных температур, утепленных курток и полушубков.

Закуп осуществляется согласно единому документу для всех портфельных компаний АО «ФНБ «Самрук-Қазына» – стандарту и каталогу средств индивидуальной защиты и форменной одежды. Спецодежда, обувь и другие средства индивидуальной защиты соответствуют требованиям и нормам, установленным уполномоченным государственным органом по труду.



Руслан БАЙМИШЕВ,  
Қазақстан Республикасының  
Индустрия және инфрақұрылымдық  
даму вице-министрі:

ҚАЗАҚСТАН АЗИЯ МЕН  
ЕУРОПА АРАСЫНДАҒЫ  
СЕНИМДІ СЕРІКТЕС ЖӘНЕ  
ТРАНЗИТТІК КӨПІР БОЛА  
ОТЫРЫП, ЕУРАЗИЯЛЫҚ  
МАҢЫЗДЫ ҚҰРЛЫҚТЫҚ  
КӨЛІК ЖЕЛІЛЕРІНІҢ  
ОРТАСЫНДА ОРНАЛАСҚАН.  
БҮГІНДЕ МЕМЛЕКЕТ БАСШЫ-  
СЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ  
ҚАЗАҚСТАННЫҢ КӨЛІК-  
ЛОГИСТИКАЛЫҚ КЕШЕНІН  
ДАМУҒА ЕРЕКШЕ КӨНІЛ  
БӨЛІП ОТЫР. ОНЫҢ  
ТАПСЫРМАСЫ БОЙЫНША  
«ҚУАТТЫ ӨНІРЛЕР – ЕЛ  
ДАМУЫНЫҢ ДРАЙВЕРІ»  
ҰЛТТЫҚ ЖОБАСЫ АЗІРЛЕН-  
ДІ, ОЛ КАСПИЙ ӨҢІРІН  
ДАМУҒА ҚОСЫМША  
СЕРПІН БЕРЕДІ

## ҚАЗАҚСТАН – ҚЫТАЙ: Шекарадағы шиеленісті жағдай қашан шешіледі?

Үстіміздегі жылдың 26 қазанында қазақстан-қытай шекарасындағы жағдай бойынша кеңес өтті. Бейнеконференция форматында өткен кеңеске «ҚТЖ» ҰК» АҚ, «Қытай темір жолдары», «Үрімші темір жолы» ЖШҚ және ҚР Сыртқы істер министрлігінің өкілдері қатысты.

Сұлғұл БАКЕСОВА,  
Нур-Сұлтан

Қытай тарапы ҚХР-дан Қазақстанға бағытталып, бірақ тоқтап тұрған импорттық контейнерлерді жөнелтуді жеделдету ниеттерін жеткізді. Жүктердің жартысына қазан айының соңына дейін жөнелту жоспарланып отыр екен.

Көптен бері күрмеулі мәселеге айналған бұл жағдай ел басшылығының бақылауында. 21 қазанда ҚР Премьер-министрінің бірінші орынбасары Әлихан Смайылов пен ҚХР Мемлекеттік кеңесінің вице-премьері Хань Чжэн телефон арқылы сөйлесіп, екі ел арасында жүктерді қабылдау мен тапсыруды қайта бастау туралы уағдаластыққа қол жеткізілген болатын. Ал 22 қазаннан бастап ҚХР жүк қабылдауды тәулігіне 6 пойыздан 8-ге дейін арттырды. Көрсі-

елге металл кендері, түсті металдар, кокс т.т. жүк жөнелтілді.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ шекарадағы шиеленісті мәселені шешу үшін барлық қажетті шараларды қабылдап отыр. Мәселен, «ҚТЖ» ҰК» АҚ мен Үрімші темір жолының басшылығы деңгейінде апта сайын кездесулер және шекара маңындағы станциялар бастықтары деңгейінде күнделікті кеңестер өткізіледі. «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның негізгі міндеті Қытай тарапына тапсыруды күтіп тұрған пойыздар санын азайту болып отыр. Сондай-ақ, ұлттық компания өз құзыреті шегінде Қазақстанның импорттаушыларына жан-жақты көмек көрсетуде.

Еске сала кетсек, ҚХР Үкіметі коронавирус індетінің таралуын болдырмау мақсатында «Достық-Алашанькоу» және «Алтынкөл-Қорғас» шекаралық өткелдер-

де алдын алу және бақылау шараларын күшейтуі салдарынан пойыздарды тапсыруды орташа есеппен тәулігіне 16-дан 13-ке дейін төмендеткен болатын. Бір ғана Достық-Алашанькоу шекаралық өткелінде Қазақстаннан Қытайға пойыздарды қабылдау тәулігіне 16-дан 5-6 құрамға дейін төмендеп кетті. Соның салдарынан шекарада шамамен 7 мың вагон жиналып қалған.

Ал «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС тасымалды жоспарлау жөніндегі атқарушы директоры Нұржан Келбұғанов биылғы 15 тамыздан бастап қытай тарапы Алашанькоу станциясында «Covid-19» індетінің жаңа жағдайлары анықталуына байланысты контейнерлік пойыздарды ғана қабылдай отырып, басқа пойыздарды қабылдауды шектегенін, бұл өз кезегінде Қазақстан тарапындағы вагон ағынының ұлғаюына

және тастанды пойыздардың өсуіне әсер етіп отырғанын айтады. Нәтижесінде, 5 қазандағы жағдай бойынша Достық станциясына бағытталған пойыз саны – 147 пойыз 7 326 вагонды құраған, оның ішінде 100 пойыз, 5 000 вагон жол үстінде қантарылып тұр.

Билік өкілі Ә.Смайловтың сөзінше, барлық жүк тиелген вагондар қытай тарапынан алдын ала қабылдауға келісілген. Ол сондай-ақ теміржол көлігі саласындағы халықаралық шарттар шеңберінде тасымалдау жоспарын келіскен тарап орындауға, яғни жүкті өз аумағына қабылдауға міндетті екенін еске салды.

Нұржан Келбұғанов 9 айдың қорытындысы бойынша ҚР мен ҚХР арасындағы жүк тасымалы 15,8 млн тоннаны құрап, 2020 жылмен салыстырғанда 2%-ға немесе 0,3 млн тоннаға төмендегенін, бұл ретте Қазақстан тарапынан пойыздарды қабылдау бойынша шектеулер жоқ екенін жеткізді.

Ал қазақстандық кәсіпкерлер қазақстан-қытай шекарасында жүктердің тұрып қалуы миллиардтаған шығынға ұшыратып отырғанын айтып дабыл қағуда. Қазақстаннан Қытайға тауар экспорты төмендегенін, импорт күрт өскен.

Жалғасы 2 бетте



## ӨНДІРІСТІК ЖАРАҚАТ ТІРКЕЛМЕДІ

Жан ПЕРДЕБЕК,  
Шымкент



СТАНЦИЯ  
ТЫНЫСЫ

Еліміздің үшінші мегаполисі Шымкент қаласының теміржол станциясы кең, 23 жолы бар. Жүк және жолаушы пойыздарын қабылдап-жөнелту, пойыздарды сұрыптау және бұзылған вагондар жөндеуге арналған жолдар жеке-жеке, бүгінгі таңдағы жұмыс ауқымын қиналмай атқаруға толығымен жетеді.



Станцияның бас инженері А.Тұртаевтың айтуынша, пандемияға қарамастан пойыздарды қабылдау-жөнелту, әсіресе жүк тиеу көрсеткіштері жылдан жылға артып келеді екен. Биылғы үш тоқсан ішінде станцияда вагон айналымы орта тәулікпен 919-ға жеткен. Мәселен, осыдан екі-үш жыл бұрын тәулігіне жоспар бойынша 40 вагон жүк тиеудің өзі қиынға түсіп, 35 вагонға орындаған кездер болыпты. Ал бүгінде станция өзіне жүктелген менені толық орындап отыр. Оған транзиттік және жергілікті вагондар айналымының көбеюі себеп болған.

Бас инженердің айтуынша, жыл басынан бері станция өндірістік қажеттіліктерге байланысты материалдармен толықтай қамтылған. Атап айтқанда, жаңа тегежіш башмақтар пайдалануға берілген. P45 маркалы тасымалды радиостанциялар орнатылған. Бұдан бөлек, станциядағы жұмыс орындары қажетті тұрмыстық техника мен құрылғылар, компьютерлермен жабдықталды.

«Тоғыз ай ішінде ешқандай өндірістік жарақатсыз еңбек еттік. «Қауіпсіздік күндері» аясында бес бұзушылық анықталып, кінәлілер тәртіптік жауапкершілікке тартылды. Жұмысшылардың еңбек қорғау бойынша білімін тексеру барысында жүзден аса адамды қайта оқытудан өткіздік. Қазіргі таңда алғаш қыс маусымында жұмысқа түсетін «первозимниктерді» оқытып, нұсқаулықтарды үйретіп жүргізіміз», – деді бас инженер.

Станцияда сондай-ақ КТZHSE мобильді қосымшасы бойынша ішкі тексерістер жүргізіліп, анықталған кемшіліктер жойылыпты. Ал «Жолда адам» ақпараттық жүйесі бойынша жыл басынан бері сегіз бұзушылық анықталған.

Бас инженер станцияда шешімін күтіп отырған мәселелерді де айтып өтті. Мысалы, станция жолдарын ішінара жаңарту, жүк жолдағы вагондардың қозғалыс жылдамдығын реттейтін бекетке торап орнату, МЭО-2 бекетінің жанына су құбырын орнату қажет көрінеді. Сонымен қатар, тауар кеңсесі қызметкерлерін қауіпсіз ғимаратқа көшіру немесе ғимаратты күрделі жөндеу бойынша мәселе шешімін тапса, станция парктеріне бейнебақылау орнатылса, теміржолшылардың жұмысы жеңілдей түсетінін айта кетті.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

## ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІККЕ ҮЛЕС

Шахида ЖҰМАН,  
Маңғыстау



АКЦИЯ

Маңғыстау қосалқы бөлімшесінде тұрмыстық қалдықтарды бөліп төгу үдерісі жолға қойылғалы экологияға пайда келтіріп қана қоймай, мекеме бюджетіне де айтарлықтай кіріс кіргізіп отыр. Өткен тоғыз айда бөлімшеде қолданыстан шыққан қалдық заттарды тапсырудан түскен табыс 40 мың теңгеге жуықтаған.

Мәселен, қазір бөлімшеде сағат, кондиционер, теледидар пульті, т.б. бұйымдардан шыққан ескі батареяларды тапсыру акциясы жүруде. Тамыздың басында басталған науқан аясында осыған дейін бірнеше кг батарея жиналған. Сондай-ақ, жыл басынан бері 466 кг қағаз, 22 кг пластмасса, 17 кг картон жинақталып, қоқысты көдеге жаратушы орынға тапсырылған. Одан бөлек, оргтехника және шыны, басқа да қайта өңделетін қоқыстарды бөлек жинау жалғасуда. Бұл үшін бөлімше ғимаратына арнайы жәшіктер қойылып, оларды қабылдаушы арнайы мекемемен келісімшарт жасалған.

– Экологияға келтірілген зиян өзімізге төнетін қауіп деуге болады. Мысалы, полигонға тасталған бір батарея ауыр металдармен 20 метр топырақты немесе 400 литр суды ластануға қабілетті екен. Осыдан-ақ, күнде қоқысқа тастай салатын қарапайым батареяның зияны қандай екенін білуге болады. Сол үшін біздің қызметкерлер үйіндегілерді де алып келіп тапсырып жатыр, демек әркім экологиялық қауіпсіздікке үлес қосуда, – деген экология мәселелері бойынша жетекші инженер Аққүміс Шәудірбаеваның айтуынша, бөлімше жыл басынан осы кезге дейін экология қауіпсіздігі бойынша айыппұл арқаалаған жоқ. Демек экологиялық қауіпсіздікті бұзу деректері, яғни қауіпті жүктердің төгілуі сияқты көрсеткіштер тіркелмеген.

## ҚАЗАҚСТАН – ҚЫТАЙ: Шекарадағы шиеленісті жағдай қашан шешіледі?

(Соңы. Басы 1 бетте)

Импорртаушылар мен логистердің айтуынша, Қытай Еуропаға жөнелтетін және ол жақтан келетін транзиттік жүктерге басымдық бере отырып, Қазақстанға келетін және керісінше қытай еліне кететін жүктердің тасымалдануын тоқтатып, өту жылдамдығын едәуір төмендеткен. Бизнесмендер барлық логистика құнының өсуі, жүктерді жеткізу мерзімінің айтарлықтай ұлғаюы, ағымдағы шығындар мен қаражаттың тоқтауы бизнеске ауыр соққы болып тиіп отырғанын жеткізіп, өз міндеттемелерін орындау үшін ҚХР-да ақпашы төленіп қойған тауарлары болса да, сол тауарды басқа елдерден әлдеқайда қымбатқа сатып алуға мәжбүрміз дейді.

Бизнес өкілдері шекарада теміржол тепе-теңдігін орнату қажет деп санайды. Мәселені шешуге қатысты өз ой-пікірлері бар және олар ел үкіметіне бұл ұсыныстарын жолдан ата отыр. Мәселен, Еуропаға 1 транзит = Қа-

зақстанға 1 импорт = Қазақстаннан 1 экспорт; Қытайдан Қазақстанға азаматтық және жүк тасымалдарын қалпына келтіру; контейнерлік пойыздар санын аптасына 10-ға дейін (қазір аптасына 1) арттыру қажет дей келіп, ауыр салмақты автокөліктермен де жүк тасымалын арттырудың жолдарын ұсынады.

Ал импорттық тасымал мәселесіне қатысты Нұржан Келбұғановтың айтары мына. «Экспедиторлар мен жүк алушылардан Қытай темір жолдары тарапынан жоспарды келісуге және ҚХР-дың ҚР шекаралық өткелдері арқылы тасымалдауға уақытша шектеулер бар екендігі туралы көптеген өтініштер келіп түсті, бұл тауарлар жеткізіліміңіз бұзылуына әкеп соғады. Әлеуметтік маңызға ие жүктердің қатарында азық-түлік қажеттіліктері және екіжақты ынтымақтастықтың түрлі салалары бойынша бірлескен қазақстандық-қытайлық мемлекеттік жобаларды жүзеге асыру үшін қажетті тауарлар (жабдық, құрылыс

материалдары, мыс бұйымдары) бар. Жүк қабылдап алушылардан келіп түскен өтініштерді дереу қытай тарапының атына қайта жіберудеміз, соған қарамастан тасымалдауға арналған жоспарлар толық көлемде шығарылмай отыр, сондай-ақ Қазақстанға бағытталған импорттық жүктерді жөнелтуге конвенциялық тыйымдар үнемі жариялануда», – дейді ол.

Ал қазақстандық бизнесмендер болса, Қытайдан өткізу пункттерінің карантинге жабылғаны туралы, баға саясатының өзгеруі және қайта тиеуге қойылатын талаптар туралы ресми растау құжаттарын ұсынуы сұрап отыр.

«Қазіргі уақытта «ҚТЖ» ҰК» АҚ бизнеспен жедел өзара іс-қимыл шеңберінде тұрақты кездесулер өткізуде, іс-шаралар жоспарлары әзірленіп, ірі клиенттермен жұмыс істеу жөніндегі арнайы өкіл енгізілді. Астық трейдерлерімен бірге қазақстандық астық тиелген бірінші контейнерлік пойыз іске

қосылды, тыйым салу кезеңінде жүкті қайта бағдарлау қарастырылуда. Сондай-ақ, темір кенін экспорттаушылармен бірлескен Жол картасы әзірленді, соның нәтижесінде барлық мәлімделген жүктерді тасымалдау қамтамасыз етілді. Сонымен қатар, «ҚТЖ» ҰК» АҚ аталған мәселені шешу үшін жүктердің 80%-ын Алтынкөл-Қорғас станциясына қайта бағыттау; контейнерлік жүктер үлесін арттыру сияқты барлық қажетті шараларды қабылдап отыр. Келіссөздер қорытындысы бойынша, Үрімші темір жолының басшылығы қазіргі уақытта осы мәселеге қатысты жергілікті үкіметпен жұмыс жүргізіліп жатыр деп сендіріп отыр», – деген «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС өкілі, карантиндік іс-шаралар 2022 жылғы ақпанда өтетін қысқы Олимпиада ойындарымен байланысты күшейе түсуі және бұл жағдай келесі жылдың көктеміне дейін сақталуы мүмкін деген болжам да бар екенін жасырмады.

## КЕШЕНДІ ТҮРДЕ ЖАҢАРУДА



ТЕХНОЛОГИЯ

Жамбыл белгі беру және байланыс дистанциясының қызмет көрсету аумағы ауқымды. Түлкібас станциясынан Шу станциясына дейін созылып жатыр. Мына шеті Тараз станциясынан басталса, төменгі жағы Жаңатас станциясына дейін жалғасады. Соңғы жылдары дистанция құрылғылары кешенді түрде жаңарып жатыр.

Асхат РАЙҚҰЛ,  
Жамбыл облысы

– Жалпы, 573 шақырым біздің мамандарымыздың бақылауында. Оның ішінде автобұғатталатын 375 шақырым жол, 12 шақырымдай дара жол бар. Қос жолды тегіс 363 шақырымнан асып жығылады. Қызмет көрсетілетін учаскелерімізде 31 станция мен 1 блок-бекет орналасқан. 47 өткел болса, оның 6-уы күзетіледі, – деді дистанция бастығының орынбасары Азамат Найманов.

Жауапты маманның айтуына қарағанда, былтыр дистанция бойынша автоматика, телемеханика және байланыстың жаңа жүйелерін енгізуде бірқатар жұмыстар атқарылыпты. Мәселен, Тараз-Жаңатас учаскесінде дистанция қызметкерлерінің күшімен «АС-ДЦ» жүйесінің микропроцессорлық диспетчерлік орталықтан-дыруын тұрақты пайдалануға енгізді. Бұл жаңа құрылғыны бүгінде іске қосу-жөндеу жұмыстары да ойдағыдай жүзеге асуда.


– Сондай-ақ, Тараз-Шу және Тараз-Түлкібас учаскелерінде «43РТС-А2-ЧМ» үлгісіндегі аналогты радиостанцияларды «РЛСМ-10-

40» және «РВС-1-20» үлгісіндегі цифрлық радиостанцияларға ауыстыру жүргізілді. Тараз-Жаңатас учаскесінде «43РТС-А2-ЧМ» үлгісіндегі аналогты радиостанцияны «РС-46МЦ» үлгісіндегі цифрлық радиостанцияға ауыстыру жүргізілді. Сондай-ақ, Құмшағал және Шайқорық станциялары бойынша «УМК-4» типті цифрлық күшейткіштерді орнату арқылы дауысзорайтқышпен хабарлаудың парк бойынша байланысын жаңғырту қолға алынды, – деп атап өтті Азамат Найманов.

Қашықтықтан көпбейінді техникалық құрылғылар кешенін жүргізу аппаратурасын орналастыру үшін барлық ескі ғимараттар контейнерлік үлгідегі модульдермен жарактандырылыпты. Бұл жұмыс сапасын арттырумен қатар мамандардың жұмыс істеуіне ыңғайлы екен.

Осы саладағы озық технологияның бірі – МС-04 DSL типті цифрлық арна құрайтын аппаратура да бүгінде дистанция пайдаланылуда. Тараз-Түлкібас және Тараз-Боранды учаскелеріне орналасқан осы аппаратураны жыл соңына дейін Тараз-Алматы учаскесінде де іске қосу жоспарланған.


Қашықтықтан жұмыс істеудің әлеуеті өте



жоғары, дистанцияда осы бағыттың дамуы мен өркендеуіне үлкен үлес қосып жүрген мамандар аз емес. Олардың қатарында, мысалы, Қ.Әміреев, Л.Абайдулина, В.Колпаков, М.Абилкаиров, А.Литвинов, Т.Дүйсембиев, Р.Борисенко сынды жоғары білікті мамандарды атап өткен ләзім. Еңбек жолын қатардағы электромонтер болып бастап, электромеханик, байланыс диспетчері, қашықтықтан басқарылатын өндірістік-техникалық бөлімінің инженері, магистральдық желі бөлімшесінің техникалық бөлімінің жетекші инженері сынды өндірістік тәжірибе баспадақтарынан өткен Азамат Найманов та осал емес. 2014 жылдан бастап дистанция бастығының байланыс жөніндегі орынбасары. Биыл «ҚТЖ» ҰК» АҚ басшылығының шешімімен «Үздік маман» төсбелгісімен марапатталды.

Суретті түсірген автор

## КІРМЕ ЖОЛДАР САПАСЫ СЫН КӨТЕРМЕЙДІ



КӨКЕЙКЕСТІ

Атырау жүк тасымалы бөлімшесінде кірме жолдардың жағдайы, оларды күтіп-ұстау және қауіпті жүктерді тасымалдау, вагон паркін сақтау тақырыбында жиналыс өтіп, оған көлік инспекциясы мен желілік полиция өкілдері, кірме жолдардың иелері, темір жол мекемелері мамандары мен станция басшылары қатысты.

Қосұйым МҰҚАШЕВ,  
Атырау

Жиынды жүргізген бөлімше басшысы Д.Құлбаев атап өткеніндей, Атырау облысы аумағында 851,8 шақырым магистральдық, 327,6 шақырым станциялық және 160 кірме жолдар бар. Теміржол көлігінде қауіпсіздіктің сақталмауының да негізгі себебі сол – магистральдық және кірме жолдарда күнделікті күтіп-ұстау жұмыстарының уақытылы жүргізілмеуі, соның кесірінен жылжымалы құрам жолдан шығып кетеді. Бөлімшенің қауіпсіздік инженері Ф.Қазанованың айтуынша, 2021 жылдың 9 айының қорытындысы бойынша теміржолда 146 жылжымалы құрамның жолдан тайып кету оқиғасы тіркелген. Себебі – кірме жолдардағы жолдың үстіңгі қабаты қанағаттанғысыз жағдайда, вагондар башмақтармен дұрыс бекітілмеген, маневр, түсіру-тиеу кезіндегі олқылықтар, т.б. жағдайлар. Салдарынан 205 вагон зақымдалып, жабық, жартылай ашық, платформа, цистерна, басқа да вагондар әртүрлі дәрежедегі (күрделі, деполық, ағымдағы) жөндеуге жіберілді. Вагон жетпей жатқан уақытта бұл үлкен шығынға әкелетіні түсінікті, бірақ кірме жолдардағы жағдай әлі де мән емес. Сонымен қатар бөлімше бойынша 12 жүк вагоны кірме жолдарда бұзылған. Олар – «НКОК», «Батыс Петролеум», «ТауBase», «Теніз-

шевройл» ЖШС, «ЦТС» АҚ және «Зинелгабитов» ЖК вагондары.

2019 жылы «Батыр-2017» ЖШС кірме жолында бір вагон жолдан шығып кетіп, оларға қатысты әкімшілік іс қозғалып, 60600 теңге айыппұл салынған болатын. Мұндай жағдайлар 2018 жылы да болған. «Ғимарат» ЖШС кірме жолында 3 вагон жолдан шығып, 295663,29 теңге шығын келтірілсе, «Индер темір жолы» ЖШС-да маневрлік тепловоз жолдан тайып кеткен. Сол жылы Мақат локомотив пайдалану депосының 1ТЭ10МК сериялы №0114 тепловозымен «Алаң-Жер» ЖШС-ның КамАЗ көлігі арасында соқтығыс болған. Нәтижесінде тепловоздың белдік рамасы 25 мм майысып, жөндеуге келмейтіндіктен тепловоз қызмет көрсетуден алынып тасталған. Апатқа кінәлі «Алаң-Жер» ЖШС-на 45948126,55 теңге айыппұл салынғанмен, сот үкімі әлі күнге дейін орындалмапты.

Бөлімше басшысының айтуынша, негізгі темір жолдың бұтағы саналатын кірме жолдар жекеменшік иелікте, иелері жөндеу жұмыстарын жүргізуге қылықсыздық танытады. Олар тек пайданы ойлап, қауіпсіздікті сақтау үшін жол жөндеп, шығын шығаруға жоқ.

Вагон паркін сақтау мәселесіне қатысты жиында айтылғандай, көбіне вагондар кірме жолдардан шығып, станцияға келгенде ақаулы екені анықталады: дөңкерлеген



жері шығып кеткен, есіктері бүлінген, вагон доңғалағының бұксы теріс айналып кеткен, вагон шаңақтары соғылған, т.б. ақаулар. Ал жүк жөнелтушілер вагонның ақаулығына салдыр-салақ қарайды. Бүлінген вагондардың көбеюі жүк тиеу-түсіру және маневрлік жұмыстар кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету талабының сақталмауына болып отыр. Соған сәйкес жүк тиеу/түсіру кезінде бақылау күшейтілген. Жалпы бөлімше бойынша өткен 9 айда орын алған 146 жағдайдың негізгі себептері – кірме жолдардың сапасыздығы, маневрлік жұмыстарды дұрыс жүргізу және жүк тиеу-түсіру ережесін бұзу болып табылады.

Бүгінгі күні клиенттердің тапсырыс бойынша вагондармен қамтамасыз ету және реттеуді «Қазтеміртранс» АҚ аймақтық өкілдігі жүзеге асырады. Тасымал құжаттарын рәсімдеудің ашық түрде болуын қамтамасыз ету үшін жүк жөнелтушілер мен қабылдаушылардың құжаттамасы АСУ ДҚР жүйесі бойынша жүзеге

асырылады. Оның үстіне, осы бағытта бірте-бірте электронды жұмыс түріне көшуге басымдық беріліп келеді. Алайда, түсіруге келген вагондардың кірме жолдарда тұрып қалу проблемалары да кездеседі: ауа-райының қолайсыздығы, кірме жол қожайынының локомотиві жұмыс істемеуі, қран машиналарының істен шығуы, жүк жөнелту-қабылдаушылардың жұмыс уақытының сәйкес келмеуі, т.б. Вагондардың кірме жолдарда тұрып қалуы үшін тиеу-түсіру жұмыстарын орындауды алдын ала жоспарлау жайы сөз болды.

Бөлімше басшысы Д.Құлбаев бөлімшеде жүк тиеу-түсіру жұмыстарының артықын жеткізді. «Сондықтан сіздерден сұрайтынымыз – өз баланстарыңыздағы кірме жолдардың жағдайын бақылауда ұстап, уақытылы жөндеу жүргізіңіздер, қысқы уақытқа дайындаңыздар. Кірме жолдардың техникалық талапқа сай болуы – тұтастай алғанда қауіпсіздіктің сақталуының бірден бір кепілі» деді.

Суретті түсірген автор





## ВСЕ ИДЕТ ПО ПЛАНУ



ПОДГОТОВКА  
К ЗИМЕ

**В Алматинском отделении магистральной сети завершаются мероприятия по подготовке к работе в зимний период.**

**Елена КОЛДАСБАЕВА,**  
Алматы

С приходом первых морозов и снегопадов железнодорожные пути покрываются слоем льда и снега, поэтому уже с осени особое внимание уделяется подготовке дороги к зиме. Так, до наступления холодов в регионе полностью завершены работы по подготовке производственных котельных, систем отопления и вентиляции, тепловых сетей, контактной сети, систем СЦБ и связи, стрелочных переводов. Определены предприятия, ответственные за расчистку пешеходных мостов, территории вокзалов, платформ. Ключевым моментом остается освещение станций. Основательно

подготовлена к зиме материальная база Алматы, ПЛ Алматы, вокзалы, пожарные и восстановительные поезда.

